

Батырбаева Меруерт Асылханқызы

Азаматтық авиация академиясы

Тәсілова Нәзия

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ақтамбердиева Зауре Салкейқызы

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

Күлмесханова Самал Сайлауханқызы

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БИЛЕР ИНСТИТУТЫ

XX ғ. басындағы билер соты (ақсақалдар соты) терең зерттелмеген. Бұл тақырып патриархалдық-рулық қарым-қатынастардың сарқыншағы ретінде қарастырылып келді. Мақала жалпы историзм мен ғылыми объективтілік принциптеріне сүйене отырып жазылды.

Билер институты Кеңестік тарихнамада XX ғасырдың алғашқы жылдарында арнайы зерттелмеді. Сондықтан да болар, алғашқы бағытталған, жүйелі зерттеулер тек XX ғасырдың 80-жылдарында пайда бола бастады. (Кенжалиев 1984). Ғалым кеңестік биліктің қазақ қоғамындағы дәстүрлі-құқықтық қарым-қатынастардың ерекшеліктерін ашты, сонымен қатар жергілікті дәстүрлі мәдениеттің қатты сыналғанын, қудаланғанын ерекше атап көрсетеді.

Кейінірек З.Ж. Кенжалиев пен С.О. Даулетова өз еңбектерінде билер институтының қалыптасуы мен жойылуына дейінгі кезеңді жан-жақты зерттеді. (Кенжалиев, Даулетова 1993)

А.А Никишенков (Степной закон, 2000) билер институтының қалыптасуы мен құндылығын жоғалтқанға дейінгі аралықты зерттеді.

XVIII-XIX ғғ. Қазақ хандығы Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін империя өзінің отарлық саясатының негізінде қазақ қоғамындағы әкімшілік-саяси жүйені реформалауға кірісті. Осы мақсатпен 1822 және 1824 жылдары «Сібір қырғыздары туралы Жарғысы» мен «Орынбор қырғыздары

туралы Жарғысы» қазақ жерін отарлаудағы, билер институтын жоюдағы маңызды қадамдар болды.

Барлық жүргізілген әкімшілік-құқықтық реформалардың, өзгертулер мен толықтырулардың мақсаты қазақ қоғамын жалпы империялық басқару жүйесіне бағындыру, бейімдеу болды. Соттың 3 типі қалыптасты – империялық сот, әскери сот және халықтық сот. Жалпы ережелерге сүйенер болсақ, би болып 25 жасқа толған, халықтың құрметі мен сеніміне ие болған, білімді, дарынды адам сайлана алады. Билер губернатормен бекітілді және 3 жылға дейін сайлана алатын болды. Билер құндылығы 300 сомнан аспайтын істерді өзі шешуге құқылы болды, ал 300 сомнан асатын істерді жүргізу үшін болыстық билер съезді шақырылды. 500 сомнан асатын істер жүргізу үшін төтенше билер съезді шақырылды.

XX ғасырдың басына дейін билер институты айтарлықтай өзгеріске ұшырамады, билер халық арасында жоғары беделге ие болғанын тарихтан білеміз. Сондықтан, Кеңес үкіметі орнағанға дейін қазақ қоғамында қарапайым құқық пен дәстүрлі құқықтық институттар қоғамдық қарым-қатынастарды реттеп отырды. Дегенмен, Қазан төңкерісінен кейін өлкедегі жағдай күрт өзгере бастады. 1917 жылдан – 1930 жылдардың ортасына дейін Қазақстанда көптеген түпкілікті өзгерістер болды: әкімшіл-әміршіл жүйе қалыптасты, мәдениеттің саяси-құқықтық, материалдық және рухани базасы өзгеріске ұшырады, қазақ халқының әлеуметтік келбеті өзгеріске ұшырады (қоныстандыру саясаты, ұжымдастыру, аштық, репрессия, депортация т.б.)

Бұл өзгерістер билер институтын да айналып өтпеді. XX ғасырдың алғашқы 20 жылдығындағы билер институтының тағдыры күрделі өзгеріске ұшырады.

Кеңес үкіметі өзінің ұлттық саясатын екі маңызды құжатта қарастырып көрсетеді. «Ресей мемлекетінің халықтарының құқықтары Декларациясы» және «Ресей және Шығыстың мұсылман еңбекшілеріне!» атты үндеуінде мұсылман халықтарының ұлттық және мәдени мекемелеріне, салт-дәстүрлеріне, діни-сенімдеріне қол сұғылмайтыны және еркін дамитыны туралы атап көрсетілді.

Ұлттық саясат шеңберінде большевистік партия өте мұқият саясат ұстануды, ұлттардың дәстүрлері мен салттарын қарастырғанда абай болуды мақсат етті.

Кеңес билігі әу-бастан-ақ революцияға дейінгі Ресей мемлекетінің құрамына кірген халықтардың құқықтық нормаларын бір жүйеге келтіруді мақсат тұтты. Сондықтан да, дәстүрлі құқық жүйесі уақыт өте келе кеңестік талаптарға сай емес, яғни социалистік қоғамның принциптеріне сәйкес болмай ығыстырыла берді.

1918 жылы қаңтарда Қоқан автономиясы большевиктердің тарапынан қарулы қысымға ұшырады. Автономия жетекшілері бас сауғалауға мәжбүр болды, «Шуро-и-Ислам» ұйымы ыдырап кетті. Түркістан автономиясы жойылды. Большевиктер халықтың арасында популистік лозунгпен үндеу жүргізуге нқатар халық арасында өз позицияларын нығайтуға тырысты.

1919 жылы 10 шілдеде «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі комитет туралы уақытша ереже» қабылданды.

Бұл құжатта былай деп жазылды: «Қырғыздар (қазақтар) арасындағы барлық әлеуметтік мәселелер жергілікті ауылдық және болыстық әкімшілік негізінде атқарушы комитеттермен шешіледі» - деп атап көрсетілді. Бұл норма әлі де болса «билер институтын» сақтағанмен біраз шектеулер қойды, яғни Кеңес заңнамасына қайшы еш әрекет жасалмау керек деп шектеп қойды.

Кеңес билігінің азамат соғысы жылдарындағы жеңісі жаңа мақсаттар мен міндеттердің туындауына алып келді. 1920жылы КХК РСФСР «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік социалистік республикасын құру» туралы Декрет қабылдады. Ары қарай енді өлкеде большевиктердің позициясының күшеюіне тек жергілікті тұрғындардың дәстүрлі менталитеті кедергі жасап тұрды.

1920 жылы 25 желтоқсанда Каз АССР Юстиция халық комиссариаты №2 циркуляр қабылдады «Третей (ақсақалдар) соттарын жою туралы » бұл құжатқа сәйкес барлық қазақ жеріндегі третей соттары іс жүзінде өзін-өзі басқарушы орган болып табылады делінді.

Кезекті билер институтына қысым 1924 жылы болды, ол кезде екінші рет циркуляр қабылданып былай делінді: «Ақсақалдар сотына шектеу қойғанымыз

еш нәтиже бермеді, сондықтан енді репрессивтік шараларға көшуіміз керек» - делінді. (Вестник 1920)

XX ғасырдың аяғынан бастап, билер институты біртіндеп жоғала бастады. Бұл институттың түпкілікті жойылуына Ф.И. Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясының нәтижесінде жасалған саясаттар әсер етті, олар – қазақ ауылын кеңестендіру (советизациялау), ұжымдастыру т.с.с.

Қорыта келгенде, эволюциялық кадам бойынша империялық билік жергілікті құқықты кезең бойынша империялық әлеуметтік – нормативтік кеңістікке енгізді. XIX ғасырда билер соты әлі де болса қазақ қоғамындағы әлеуметтік-қоғамдық қатынастарды реттеуші институт болып қала берді. Алайда, 1917 жылы билікке большевиктердің келуімен бұл институт біртіндеп жойылды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кенжалиев З.Ж., Даулетова С.О. (1993) Казахское обычное право в условиях Советской власти (1917-1937гг.) –Алматы: Ғылым. – 143с.
2. Мажитова Ж.С. Суд биев в казахском в казахском традиционном обществе // Вестник Новосибирского государственного ун-та. Серия «История, филология». –Т.14-Вып.5. – С.97-103
3. Степной закон. Обычное право казахов, киргизов, туркмен. (2000) А.А. Никишенков, Ю.И. Семенова. М. с-288
4. Г.В. Кан Қазақстан тарихы А., 2007 194б.
5. Сафаров Г.И. (1921) Колониальная революция (Опыт Туркестана). – Москва:148с.